

Алматы қаласында Нью-Йорк штаты (Бингхамтон қаласы) Мемлекеттік университетінің Жоғары колледжін ашу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 31 шілдедегі N 1192

"Америка Құрама Штаттары мен Қазақстан Республикасы арасындағы демократиялық әріптестік туралы хартияның" ережелерін басшылыққа ала отырып, білім беру саласындағы жаңа жетістіктерге жәрдемдесу және өндіріс аясын құрылымдық қайта құру мен технологиялық дамытуды қамтамасыз ету үшін техникалық ғылымдар магистрлерін даярлау жөніндегі американдық тәжірибені белсенді түрде тарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің Алматы қаласында Нью-Йорк штаты (Бингхамтон қаласы) Мемлекеттік университетінің жоғары оқу орны мәртебесі бар Жоғары колледжін ашу туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Жоғары колледжді белгіленген тәртіппен тіркейтін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі Жоғары колледжге білім беру қызметін жүргізу құқығына белгіленген тәртіппен лицензия берсін.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Алматы қаласында Нью-Йорк штаты (Бингхамтон қаласы) Мемлекеттік университетінің Жоғары колледжінің ашылғаны туралы Қазақстан Республикасының Елшіліктері арқылы хабарлауға жәрдемдессін.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару жөніндегі департаменті Алматы қаласының әкімімен бірлесіп Жоғары колледжді орналастыру мәселесін шешуге жәрдемдессін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі